

Қаржылық лизингтің экономикалық тиімділігін ақша ағымдарын есептеу арқылы анықтау

Қойтанова А.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье проанализирована основная тенденция развития финансового лизинга по Карагандинской области. Сделан тщательный обзор приобретенного лизингового имущества, точнее, машин и оборудования по региону за несколько лет. На основе собранной информации и статистических данных проведен расчет экономической эффективности с помощью моделирования денежных потоков. Для лизингополучателя эффективность лизинга рассчитывается разницей чистого дохода на основе лизинга и кредита предприятия. На практике при предварительном рассмотрении лизинговой сделки все факторы полностью не учитываются, поэтому в данной статье приведены простые методы моделирования: моделирование денежных потоков, учет издержек и метод определения чистого дохода. На основе этих методов моделирования рассчитывается эффективность лизинга на предприятии. Автором также рассмотрены акционерные общества, совместные предприятия, предприятия с иностранными инвестициями, частные кооперативы и фермерские хозяйства Карагандинской области, которые активно участвуют в лизинговых сделках.

In given article it is analysed the basic tendency of development of financial leasing on the Karaganda area. The careful review of the got leasing property is made, is more exact than the car and the equipment on region for some years. On the basis of the collected information and the statistical data calculation of economic efficiency by means of modeling of monetary streams is carried out. For the addressee of leasing property efficiency of leasing pays off a difference of a net profit on the basis of leasing and the enterprise credit. In practice by preliminary consideration of the leasing transaction all factors completely aren't considered, therefore in given article simple methods of modeling, as, modeling of monetary streams and a method of definition of a net profit, the account of costs and a method of definition of a net profit are resulted. On the basis of these methods of modeling efficiency of leasing on the enterprises pays off. Also in given article joint-stock companies, joint ventures, the enterprises with foreign investments, частные cooperative societies and farms of the Karaganda area which actively participate in leasing transactions are considered.

Қарағанды облысының Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтері бойынша, 2003 жылдан бастап 2011 жылға дейін әр түрлі арналар бойынша ауыл шаруашылық тауар өндірушілер жалпы құны 4921,43 млн тг құрайтын 433 бірлік жаңа техника иемденген, соның ішінде 74 трактор, 209 егін жинайтын комбайндар, 43 егу кешендері және 107 әр түрлі топырақ өңдейтін техникалар. Соның ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен сатып алынған техниканың саны 318 бірлікті, яғни 3166,04 млн тг, құрайды. Ол барлық техниканың 73 % құрайды, яғни 70 трактор, 137 егін жинайтын комбайндар, 19 егу кешендері және 92 әр түрлі топырақ өңдейтін техникалар. Оны төмендегі суреттен көруге болады.

Атап кететін жайт, сатып алынатын машиналардың мықтылығы мен сенімділігі оған белгіленетін жүктеме арасында салғастыру көрсеткіштері дұрыс жасалмаған. Нәтижесінде шаруашылықтар батыстың өнімділігі жағынан жоғары және сенімді техникасын сатып алуда. Жалпы сатып алынған техника ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына жеткіліксіз болып отыр. 2003–2011 жылдар Қарағанды облысы бойынша лизингке алынған егін жинаушы комбайндар маркалары: Джон Дир, Клаас, Вектор, Кейс, Есиль, Енисей — 1200, Енисей — 950, Нива-Эффект; тракторлар, соның ішінде: МТЗ-82, Т-95, МТЗ-1221, Беларусь — 1523, ДТ-75, Валтра Джон-Дир, НьюХолланд Валтра ВТ-160. Ең көп техника 2008 жылы (399 бірлік) сатып алынған. 2003 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 50 есе артық.

Ең көп сұранысқа ие болған Енисей-1200 маркасының комбайндары — 197 бірлік және МТЗ-82 маркалы тракторлар — 61 бірлік. Бұған себеп Енисей-1200 маркалы тракторын Қостанай қаласында орналасқан отандық кәсіпорын «АгромашХолдинг» АҚ өндіреді. Ескі техниканы ауыстыру үшін орташа шамамен 10 млрд АҚШ долл қажет екен, егер соңғы жылдары есептелген амортизация құны өткізілген өнімнің құнынан өтелмегенін есептесек, онда оның сомасы жоғары болады.

Жаңа нарық іздеу барысында шетел өндірушілер қазақстандық нарыққа еніп, сонда қалып қалуға тырысады. Бірақ экономикалық және саяси факторлардың тәуекелділігі мен заңдық-құқықтық тәртіпсіздікке байланысты шетелдің өкілдеріне отандық нарыққа ену қиындық тудыруда. Ал қазақстандық машина құрастыру индустриясы жаңа ғана аяққа тік тұрып жандануда. Қазіргі таңда

Қазақстанда өндірілген машина құрылғылары әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен болып отыр.



Сур. Қарағанды облысы бойынша 2003–2011 жж. ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу

Сондай ауыртпалықтарға қарамастан, Қарағанды облысында қаржылық лизинг өрісі кеңейіп келе жатыр. Қарағанды облысының ауыл шаруашылыққа қажетті техника нарығы отандық және шетелдік өндірушілердің өнімдерін кеңінен ұсынуда. 2011 жылдың 6 ай ішінде ауыл шаруашылығы субъектілерімен алынған техника түрі жайлы 1-кестеден көруге болады.

1 - кесте

Қарағанды облысы бойынша лизингке алынған ауыл шаруашылығы техникасы және лизинг алушылар

Аудан	Шаруашылық атауы	Техника түрі	Маркасы	Саны	Бағасы, теңге
Осакаров	«А. Асылбеков» ЖШС	Сепкіштер	СКС-2,1М	18	14 700 000
Абай	«Қаймар» ШҚ	Ротациялық (алмастырушы) борона	КЕ 303–170	1	2 753 677
Абай	«Қаймар» ШҚ	Трактор	Беларусь-82.1	2	5 494 500
Абай	«Тұлпар» ШҚ	Трактор	Беларусь-82.1	1	2 747 250
Осакаров	«Ясная поляна» ШҚ	Трактор	Беларусь-82.1	2	5 494 500
Бұқаржырау	«Жалғас» ШҚ	Трактор	Беларусь-82.1	1	2 747 250
Барлығы				25	33 937 177

Жоғарыда аталған кестедегі мәліметтерді қолдана отырып, лизинг алушы үшін қаржылық лизингтің тиімділігін қарастырғанды жөн көрдік. Капитал салымын қаржыландырудың түрлі тәсілдерінің экономикалық тиімділігін ақша ағымдарын есептеу арқылы анықтауға болады:

Лизингтік ақша ағымы (ЛАА) лизингтік төлемдер (L_T), салық жеңілдіктер (C_J) мен салық төлемдерімен (C_T) анықталады, яғни $ЛАА = L_T + C_J + C_T$.

Несиелік қарыз ағымы (НҚА) қарыз сомасымен (K), несиенің өтелмеген бөлігінің өтелген пайыз мөлшерімен ($H\%$), салық жеңілдіктерімен (C_J) және салық төлемдерімен (C_T) анықталады, яғни $НҚА = K + H\% + C_J - C_T$.

Лизинг алушы үшін қаржылық лизингтің тиімділігін анықтаудың жалпы тәсілдері мен ерекшеліктерін келесі тұрақты түсім уақытындағы таза табысты (ТТ) анықтау үшін кәсіпорынның ақша ағымдарын үлгілеу (АА) әдісін қарастырып кетейік. Бұл әдіс негізгі болып табылады және соның нәтижесінде басқа әдістерді құруға болады [1].

Таза табыс (ТТ) деп есеп беру мерзіміндегі жинақталған нәтижені (ақша ағымының қалдығы) түсінуге болады: $TT = S_i \times TT_i$ -і қадамындағы ақша ағымының қалдығы, ал оның сомасы есеп беру кезіндегі барлық қадамдарға таралады.

1. Ақша ағымын модельдеу және таза табысты анықтау әдісі лизинг алушының салық салу және бухгалтерлік есебі ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты түсім уақытында ТТ анықтау үшін кәсіпорынның ақша ағымдарын модельдеуге негізделген.

Мысалы, айталық кәсіпорынның рентабельділігі жоғары және лизингтік төлемдерді қайтаратын қаражаты жеткілікті. Сондықтан кәсіпорынның рентабельділігі бір реттік лизингтік төлемдерді, лизинг мерзімін, лизингтік төлемдер сомасын анықтауда маңызды фактор болып табылады. Ол өз кезегінде лизингтің мәмлениң тиімділігін анықтайды. Егер лизингтік келісім-шарттың параметрлері анықталған болса, онда лизингтің тиімділігіне кәсіпорынның рентабельділігінің әсері қарастырылмайды. Бұл жағдайда лизинг тиімділігін анықтайтын үш факторды ескеруге болады [2]:

1. Салық салу, яғни, инвестициялық үрдісті белсендіру үшін лизингтік мәмле қатысушыларына салық жеңілдіктерін тікелей және жанама ұсынуды қарастырады.

2. Ақшаның уақытша құны.

3. Девальвация.

Лизингтің тиімділігін анықтау процесі кезеңдер арқылы іске асады. Алғашқы кезеңде лизинг пен несие кезінде таза табысты анықтау үшін лизинг алушының салық салымдарын ескере отырып, ақша ағымдарын үлгілейміз. Бұл кезде барлық салыстыру мерзіміндегі барлық ақша ағымдары қарастырылады.

Екінші кезеңде жобаның әрбір қадамындағы ақша ағымының қалдығы қарастырылады.

Лизинг пен несиеле шығындар әр түрлі көздерден құралады.

Несиеде кәсіпорын түсім (Т) алады және өнім өндірісі бойынша шығындарды (Ш) өтейді. Алынған несиеле (Н) арқылы кәсіпорын мүлік (М) сатып алады. Ол кәсіпорынның балансында есептеледі. Бұл мүлікке амортизациялық аударымдар (А) бар нормаларға сай есептеледі және шығындар құрамына енеді де, салық салынатын пайданы азайтады. Содан кейін мүліктің қалдық құнынан мүлік салығы (МС) алынады. Мүлік салығы пайда салығына қарағанда салық салынатын базаны азайтады. Несиелік ресурстарды пайдаланғаны үшін кәсіпорын пайыз (Н%) төлейді. Пайызды төлеу мен несиені өтеу (Н⁰) көздері болып кәсіпорынның салық төлемдерінен қалған амортизациялық аударымдар мен меншік қаражаттары табылады.

Кәсіпорын мәмлени іске асырғанда келесі шығындарды есепке алу керек:

– негізгі қызмет шығындары (Ш);

– сатып алынатын мүлік төлемі (М_Н);

– несиеле бойынша пайыздық төлем (Н%);

– мүлік салығы (МС);

– табыс салығы төлемі: $(T - Ш - M - A) \times \% \text{табыс}$.

Түскен түсімге (Т) қосымша құн салығы (ҚҚС_Т) салынады. Негізгі қызмет шығындары (Ш) мен мүлікті сатып алу құнына (М) немесе жабдықтаушыларға төленетін төлемге қосымша құн салығы салынады (ҚҚС_{ШН}). ҚҚС_Т пен ҚҚС_{ШН} айырмашылығы бюджетке төленеді (ҚҚС_{БН}).

Сонымен, кәсіпорынға түсім түседі, шығындарын өтейді және ақша қаражаттары (АА_Н) қалады.

$$TT_H = T - Ш - МС - (T - Ш - МС - A) \times \% \text{табыс} - Н\% - M_H + (H - H^0) + (КҚС_T - КҚС_{ШН} - КҚС_{БН}). \quad (1)$$

Лизинг шартында кәсіпорын лизинг кезінде түсім алады (Т) және өнімді өндіру бойынша шығын (Ш) шығарады. Лизингтік компания меншік қаражаттары мен тартылған қаражаттар есебіне мүлікті алып, оны лизинг алушыға белгілі бір мерзімге лизингке береді. Көп жағдайларда лизинг мүлкі лизинг алушыны балансында емес, лизинг берушінің балансында есепке алыну керек. ҚҚС-сыз толық мөлшердегі лизингтік төлемдер лизинг алушының шығындарына жатады. Лизинг алушы мүлік салығын төлемейді және амортизациялық аударымдарды қарастырмайды. Оны лизинг беруші лизингтік төлемдер құрамына енгізеді.

Лизинг алушы үшін лизингтік төлемдер (L) бір уақытта өнімнің өзіндік құнына енетін шығындар және мүлікті сатып алуға бағытталған қаражаттар болып есептеледі. Сонымен, лизинг алушыда лизинг мүлкі оны сатып алу үшін қолданатын қажетті қорды қалыптастырады.

Түскен түсімге (T) қосымша құн салығы ($КҚС_T$) салынады. Негізгі қызмет шығындары ($Ш$) мен мүлікті сатып алу құнына (M) қосымша құн салығы салынады ($КҚС_{ШЛ}$). $КҚС_T$ пен $КҚС_{ШЛ}$ айырмашылығы бюджетке төленеді ($КҚС_{БЛ}$). Сонымен, кәсіпорынға түсім түседі, шығындарын өтейді және ақша қаражаттары (AA_L) қалады.

$$TT_L = T - Ш - L - (T - Ш - L) \times \% \text{ табыс} + (КҚС_T - КҚС_{ШЛ} - КҚС_{БЛ}). \quad (2)$$

Лизинг пен несиені салыстыру тиімділігін анықтаудың бірінші кезеңінде несие барлық салыстыру мерзіміндегі шығындардың қосындысы бойынша есептеледі. Бұл жағдайда алынған несие сомасы мен өтелген несие сомасына тең болады.

Лизинг алушы үшін лизингтің тиімділігі кәсіпорынның несие және лизинг шартындағы таза табыстарының (2), (3) формула айырмашылығымен есептеледі. Егер лизинг несиеге қарағанда тиімді болса, онда $TT_L > TT_H$ болады. Сонымен, тиімділік екі формуланың айырмашылығымен анықталады, яғни:

$$TT_L - TT_H = M_H + H\% + MC - (A + MC) \times \% \text{ табыс} - L + L \times \% \text{ пайда}. \quad (3)$$

Мұндағы $(A + MC) \times \% \text{ табыс}$ — несие шартында шығындар құрамына амортизациялық аударымдар мен мүлік салығын енгізу есебінен табыс салығынан үнемдеу; $L \times \% \text{ табыс}$ — лизинг шартында шығындар құрамына лизингтік төлемдерді енгізу есебінен табыс салығынан үнемдеу.

Кез келген операцияның тиімділігін дәл анықтау үшін компанияның ақша ағымын үлгілеу қажет. Тәжірибеде лизингтік мәмлени алдын ала қарастырған кезде барлық факторларды қарастыру мүмкін емес, сондықтан алдын ала үлгілеу әдістерінің қарапайым түрлерін қолданған жөн. Сондай әдістердің біреуін қарастырып кетейік.

2. *Шығындарды есепке алу және таза табысты анықтау әдісі.* Инвестиция салынған мүлікпен ғана байланысты шығындар ескеріледі. Кәсіпорынның түсімі мен барлық шығыстарын есепке алмағандықтан, бұл әдіс дәлірек нәтижелер береді. Сонымен бірге бұл әдіс алдын ала есептеулерді жасау үшін ыңғайлы болып табылады. Бұл әдіспен жұмыс жасау үшін алынып отырған мүлік туралы ақпарат пен лизинг алушының салық аударымдарын білу жеткілікті [3].

Мәмлени іске асыру шарты жоғарыда қарастырылған әдістен алынды. ҚҚС мөлшері лизинг тиімділігіне әсер етпейді.

Несие шартында алынатын мүлік бойынша төмендегі шығындар енеді:

- мүлік төлемі (M_H);
- несие бойынша пайыздық төлем ($H\%$);
- мүлік салығы (MC).

Сонымен бірге несие шартында шығындар құрамына амортизациялық аударымдар мен мүлік салығын енгізу есебінен табыс салығынан үнемдеу ($(A + MC) \times \% \text{ табыс}$) енеді. Нәтижесінде несие шығындарын төмендегі формуламен аламыз:

$$\text{Несие шығындары} = M_H + H\% + MC - (A + MC) \times \% \text{ табыс}. \quad (4)$$

Лизинг шартында лизинг алушы лизингтік компанияға лизингтік төлемдер (L) төлейді және оны шығындар құрамына енгізеді де, лизинг болмаған жағдайда төленетін табыс салығын азайтады ($L \times \% \text{ табыс}$). Нәтижесінде лизинг шығындары төмендегідей анықталады:

$$\text{Лизинг шығындары} = L - L \times \% \text{ табыс}. \quad (5)$$

Қаржылық лизингтің тиімділігі несие мен лизинг шартындағы шығындардың айырмасымен анықталады (5, 6-формула), яғни

$$TT \text{ тиімділігі} = M_H + H\% + MC - (A + MC) \times \% \text{ табыс} - L + L \times \% \text{ табыс} . \quad (6)$$

Жоғарыда келтірілген (4) және (7) формулаларды салыстыра отыра, аталмыш әдістер ұқсас болып келетіндіктен, олардың ұқсастығын «А.Асылбеков» ЖШС мысалында қарастырып кетейік. «А.Асылбеков» ЖШС Қарағанды облысы Осакаров ауданында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ауыл шаруашылық кәсіпорыны болып табылады. Негізгі кәсібі: егін шаруашылығы. Бұл кәсіпорын 2011 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы құны 100 000 АҚШ долл., немесе 14 700 000 тг, болатын 18 сепкішті лизингке алған. Осы мәліметтер негізінде қаржылық лизингтің тиімділігін есептейік (2, 3-кестелер).

2 - к е с т е

«Ақша ағымын модельдеу және таза табысты анықтау» әдісі арқылы есептеу, АҚШ долл.

№	Көрсеткіштер Қаражаттардың түсімі	Қаржыландыру тәсілі	
		несие	лизинг
1	Түсім (Т)	280 000	280 000
2	Алынған несие (Н)	112 000	0
3	Қосымша құн салығы (ҚҚС _Т)	33 600	33 600
4	<i>Түскен қаражаттар, барлығы</i>	<i>425600</i>	<i>313600</i>
5	Қаражаттардың шығыны:		
6	Негізгі қызмет шығындары (Ш)	110 000	110 000
7	Мүлік салығы (МС)	5334	0
8	Лизингтік төлемдер (Л)	0	129300
9	Табыс салығы	31520	9768
10	Несие бойынша пайыздық төлем (Н%)	29280	0
11	Сатып алынатын мүлік төлемі (М _Н)	100 000	
12	Несиені өтеу (Н ⁰)	112000	
13	Жабдықтаушыларға төленетін ҚҚС (ҚҚС _{ШН})	26880	31920
14	Бюджетке төленетін ҚҚС (ҚҚС _{БН})	6720	1680
15	<i>Қаражаттар шығыны, барлығы</i>	<i>421734</i>	<i>282668</i>
17	<i>Таза табыс (ТТ), барлығы</i>	<i>3866</i>	<i>30932</i>
18	<i>ТТ бойынша лизинг тиімділігі</i>		<i>27066</i>
19	<i>Соның ішінде мүліктің құнынан пайызбен (ҚҚС-пен)</i>		<i>24,2 %</i>

ҚҚС 12000 АҚШ долл. құрайды. Амортизациялық аударымдар мөлшері жылына 11,1% құрайды, яғни амортизацияның мұндай мөлшерлемесінде амортизация мерзімі 9 жылға тең. Жеделдетілген амортизация нормасы коэффициенті 3 тең болса, лизинг мерзімі 3 жыл болады. Лизинг пен несие шарттарына салыстыру жүргізейік.

Несие шартында алынған мүлік кәсіпорын балансында есептеледі. Баланстық құны 100 000 АҚШ долл. тең. Салыстыру мерзімінде амортизация нормасы 33 333 АҚШ долл. және мүліктің қалдық құнынан жылына 2% деп есептегенде мүлік салығы 5334 АҚШ долл. тең. Салыстыру мерзімінің соңына мүліктің қалдық құны 66 667 АҚШ долл. құрайды.

Мәмлени іске асыру үшін 3 жылға, негізгі қарыз тоқсан сайын өтеліп отыратын және жылына 15% мөлшерлемесімен 120 000 АҚШ долл. несиеге тартылды. 3 жылға несие бойынша пайыздық сомасы 29280 АҚШ долл. Ал лизингтік төлемдер сомасы ҚҚС-сыз 15 000 АҚШ долл., ҚҚС-пен 16 800 АҚШ долл. болсын.

Есептеуде лизинг алушының табыс салығы мөлшерлемесі 24% құрады және басқа да шығындар әдісті қарапайым ету үшін қарастырылмады. Жоғарыда қарастырылғандарды ескере отырып, екі әдіс бойынша лизингтің тиімділігін есептеп кетейік. Қорытындылай келе, жасалған есептеулер негізінде екі жоғарыда аталып кеткен әдістер бірдей нәтиже берді. Толығырақ тоқталатын болсақ, таза табыс бойынша есептелген лизинг тиімділігі екі жағдайда да 27066 АҚШ долл. құрады. Кәсіпорындар үшін лизингтік қатынастардың тиімділігі арта түсті деуге болады.

«Шығындарды есепке алу және таза табысты анықтау» әдісі, АҚШ долл.

№	Көрсеткіштер	Қаржыландыру тәсілі	
		несие	лизинг
1	Қаражаттардың шығыны:		
2	Лизингтік төлемдер (Л)	0	129 300
3	Сатып алынатын мүлік төлемі (М _н)	100 000	
4	Мүлік салығы (МС)	5334	
5	Несие бойынша пайыздық төлем (Н%)	29280	0
6	Табыс салығынан үнемдеу	-1348	31032
7	Қаражаттар шығыны, барлығы	133266	160332
8	ТТ бойынша лизинг тиімділігі		27066
9	Соның ішінде мүліктің құнынан пайызбен (ҚҚС-пен)		24,2 %

Ескерту. Автор әзірлеген.

2003 жылдан бастап Қарағанды облысының егін жинайтын комбайндарының негізгі жабдықтаушысы Ростов-на-Дону қаласынан «Ростсельмаш» ЖШҚ және Красноярск қаласынан «Красноярский комбайновый завод» ААҚ зауыттары болған. Ал қазіргі таңда ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің қолында «Дон-1500А, Б», СК-5 «Нива», «Есиль», «НАН» и «Енисей»-1200–01,12 маркалы комбайндар жұмыс істейді. Бұған қарамастан, 2006 жылдан бастап қарағандылық ауыл шаруашылық тауар өндірушілер несиені негізінде АҚШ, Алмания, Канада және тағы басқа батыс мемлекеттерінен техниканы лизингке алуда. Шетел компанияларының артықшылығы олар негізгі және қосымша бұйымдардың кең ассортиментін ұсынуда, сонымен қатар операторға ыңғайлы және қауіпсіз жұмыс істеуге барлық жағдай жасаған.

Комбайнды таңдауда егін жинау барысында олардың тиімділігінің салыстырмалы талдаудың көрсеткіші негіз бола алады. Импортталған шетел техникалары тәжірибе жүзінде өзінің тиімділігін аймақта ақтай алмай отыр. Елімізде дәнді-дақылдардың өнімі 19–22 ц/га, ал батыс елдерде 27–30 ц/га негізінде өнім алған жағдайда ғана тиімділікке кепілдеме бере алады. Бұл жайтты сондай-ақ ғылыми зерттеу институттарының зерттеулері толығымен дәлелдеп отыр.

Егін жинаушы комбайндар нарығын толығымен қарастыруда екінші реттік нарықты қоса қарастыру қажет. Бұл нарықта қолданылған комбайндар өте төмен бағамен сатылады және ол сатып алушыға өте тиімді болып табылады. Сондай-ақ сатушылар ресейлік өніммен қатар шетел комбайндарын ұсынады, олардың арасында 40 мың долларға «Нива» және «Дон-1500/1200» комбайндары да бар. Бірнеше партия машинаны сатып алу туралы шарт жасасқанда, оған 5–10 % жеңілдік жасалады. Бұрын-соңды қолдануда болған комбайндарды сатуға арналған мамандандырылған фирмалар сатып алушыларға техниканы сату алдындағы және сатудан кейінгі сервистік қызметпен қамтамасыздандырады. Астық өндірушілердің қаржылық жағдайының төмен болуы бұндай екінші ретті нарыққа сұраныс жоғары болатынына күмән жоқ.

Отандық нарықта тракторлар нарығын зерттей келе, оның өскенін байқауға болады. Қазіргі таңда бірдей параметрлі отандық және шетелдік тракторлар ұсынысы нарықта көп болып отыр. Отандық және ТМД мемлекеттерінің батыс компаниялардан артықшылығы олардың құны төмен болуда. Бірақ шетел өндірушілердің бағасы жоғары болғанымен, олардың сапасы өте жоғары болып табылады. Мемлекетаралық деңгейдегі жасалатын шарттан кейін импорттық техникаларды несиені негізінде алуға мүмкіндік болғанда бұл нарықта бәсекенің өсуі күтілуде. Жоғарыда аталып кеткен екінші ретті нарық сатып алушыларға 20–65 % арзан тракторлар ұсынады, бірақ қажетті қызмет көрсету базасының болмауынан бұл нарық баяу дамуда. Соңғы жылдары Қарағанды облысы ауыл шаруашылық нарығында акционерлік қоғамдар, біріккен кәсіпорындар, шетел инвестициясы бар кәсіпорындар, жеке меншік кооперативтер, фермерлік шаруашылықтар типтес сатып алушылардың жаңа бағыттары пайда болуда. Бұндай нарық түрінің өсуі шағын тракторлар мен орташа қуаттылығы 50–120 кг/с болатын нарықтың жаңа түрінің пайда болуына негіз болып отыр. Шағын бизнесті және фермерлікті қолдау үшін әр түрлі халықаралық қорлардың пайда болуы шаруашылықтарға несиені арқылы жаңа техника алуға мүмкіндік туып отыр. Бірақ бұл ішкі нарықтағы «сұраныс — ұсыныс» деңгейіне әсер ете алмайды.

Сонымен, Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы техника нарығын зерттей келе, соңғы уақытта ауыл шаруашылық техникасы паркінің қысқаруы аграрлық саладағы дамудың бәсеңдеуіне

әкеліп, қолда бар ауыл шаруашылық техникасының ескіріп, олардың қолдануға жарамсыздығы анықталды. Бұл теріс үдерістер техникамен қамтамасыздандыру деңгейінде, тозу деңгейі мен жүктеменің артуына, қолдану тиімділігінің төмендеуіне әкеліп соқты. Аграрлық саладағы материалдық-техникалық базаның ескіруі ауыл шаруашылық техникасына деген сұранысты үлкейтіп отыр, сонымен қатар осы тауар нарығының сегментінің дамуына әкелуде. Айтылған сұранысты қанағаттандыруда сатып алушылардың қазіргі таңда төлем қабілеттіліктерінің төмен болуымен байланысты іске асыра алмауда. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен шаруашылықтардың табысының өсуі негізінде ауыл шаруашылықты қажетті техникамен, тракторлармен, комбайндармен сандық және сапалық түрде қамтамасыздандырып келуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Киркоров А. Методы определения эффективности финансового лизинга по сравнению с кредитом // Лизинг-ревью. — 2000. — № 5, 6. — С. 30–38.
2. Беренс В., Хавранек П.М. Руководство по оценке эффективности инвестиций. — М., 1995. — 345 с.
3. Горемыкин В.А. Экономика лизингового процесса. — М., 1998. — 432 с.

УДК 274.16

Рынок аудиторских услуг и факторы, определяющие его развитие

Тусибаева Г.С.

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, Астана

Мақалада Қазақстан Республикасының нарығындағы аудиторлық қызметтің ерекшеліктері, сонымен қатар оның негізгі қатысушылары қарастырылған. Аудиторлық қызметті жүргізудің қажеттілігі туралы шешімді қабылдау мен аудиторлық нарықтағы субъектілердің өзара байланыс процесіне ұсыныс пен сұраныс факторлары әсер ететіні ескерілген. Аудиторлық қызметтің сапасын ашып қарастыруға көңіл бөлінген. Аудит кәсіпкерлік түрі болып табылатынына күмән келтірілмейді және қоғамдық маңызды сипатта болады. Аудиторлық қызмет нарығында негізгі қатысушы болып субъектінің ұсынысы мен сұранысы табылады. Аудиторлық тексерудің нәтижелерін пайдаланушылар ұйымдардың және кәсіпорындардың жетекшілері болып табылады: инвесторлар; кредиторлар; кәсіпорынның құрылтайшылары; сатып алушылар мен жабдықтаушылар; мемлекеттік бақылаушы ұйымдар; басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар. Аудиторлық компаниялардың қызметіне бақылау мемлекетпен және кәсіби аудиторлық ұйыммен жүзеге асырылады.

Special characteristics of the market of audit services in the Republic of Kazakhstan as well as its main participants are considered in the scientific article. It is not called in question that audit is a kind of business and has socially significant character. The basic participants of the market of auditor services are subjects of supply and demand. Users of results of auditor checks are heads of the enterprises and the organizations; investors; creditors; founders of the enterprise; suppliers and buyers; the state supervising bodies; other interested persons. It is noted that factors of demand and supply affect (or influence) the process of interaction of subjects of audit market and the process of decision-making on necessity of conducting auditing. An attention is given to the detection of the quality of an auditor's work. Control over activity of the auditor companies is carried out by the state and the professional auditor organizations.

В настоящий момент аудит в Республике Казахстан сформировался и является самостоятельным видом деятельности, при этом наличие разрешенных сопутствующих услуг в деятельности аудиторских организаций практически не меняет общую картину.

1. Деятельность носит общественно значимый характер, так как она подтверждает достоверность деятельности экономических субъектов. Эта особенность аудита заключается в том, что хотя выбор аудиторской организации и оплата оказываемых ею услуг осуществляются на коммерческой основе в рамках гражданско-правового договора, т.е. опосредуются частноправовой формой, по своим целям, предназначению и функциям обязательный аудит проводится в интересах неопределенного круга лиц